Третий вопрос в принципе не относится к теории формальных языков, поскольку, как уже было сказано, такие языки лишены какого-либо смысла. Для ответа на него нужно использовать другие подходы [9].

В а р и а н т 13

Формальное определение транслятора

Транслятор – это программа, которая переводит программу на исходном (входном) языке в эквивалентную ей программу на результирующем (выходном) языке.

В этом определении слово «программа» встречается три раза, и это не ошибка и не тавтология. В работе транслятора действительно участвуют три программы.

Во-первых, сам транслятор является программой. То есть транслятор – это часть программного обеспечения (ПО), он представляет собой набор машинных команд и данных и выполняется компьютером, как и все прочие программы в рамках операционной системы (ОС). Все составные части транслятора представляют собой динамически загружаемые библиотеки или модули этой программы со своими входными и выходными данными.

Во-вторых, исходными данными для работы транслятора служит программа на исходном языке программирования – некоторая последовательность предложений входного языка. Эта программа называется входной, или исходной программой. Обычно это символьный файл, но этот файл должен содержать текст программы, удовлетворяющий синтаксическим и семантическим требованиям входного языка. Кроме того, этот файл несет в себе некоторый смысл, определяемый семантикой входного языка. Часто файл, содержащий текст исходной программы, называют исходным файлом.

В-третьих, выходными данными транслятора является программа на результирующем языке. Эта программа называется результирующей программой. Результирующая программа строится по синтаксическим правилам выходного языка транслятора, а ее смысл определяется семантикой выходного языка.

Важным пунктом в определении транслятора является эквивалентность исходной и результирующей программ. Эквивалентность этих двух программ означает совпадение их смысла с точки зрения семантики входного языка (для исходной программы) и семантики выходного языка (для результирующей программы). Без выполнения этого требования сам транслятор теряет всякий практический смысл.

Итак, чтобы создать транслятор, необходимо прежде всего выбрать входной и выходной языки. С точки зрения преобразования предложений входного языка в эквивалентные им предложения выходного языка транслятор выступает как переводчик. Например, трансляция программы с языка С в язык ассемблера, по сути, ничем не отличается от перевода, скажем, с русского языка на английский, с той только разницей, что сложность языков несколько иная. Поэтому и само слово «транслятор» (английское «translator») означает «переводчик».

Результатом работы транслятора будет результирующая программа, но только в том случае, если текст исходной программы является правильным – не содержит ошибок с точки зрения синтаксиса и семантики входного языка. Если исходная программа неправильная (содержит хотя бы одну ошибку), то результатом работы транслятора будет сообщение об ошибке (с дополнительными пояснениями и указанием места ошибки в исходной

программе). В этом смысле транслятор сродни переводчику, например, с английского, которому подсунули неверный текст [9].

В а р и а н т 14

Ішкі жад бөлімдері

Жоғарғы жадтың құрамында компьютерді жасап шығарған зауытта DOS-тың бір бөлігі (BIOS) қойылған бөлім бар. Оны тұрақты есте сақтау құрылғысы (ТЕСҚ) деп атайды. ТЕСҚ-ның көлемі үлкен емес 32-64 Кб. Пайдаланушының ТЕСҚ-ға берілгендерін не өз программасын сақтау мүмкін емес. Ондағы бейнежад – монитор адаптері (бейнеадаптер) пайдаланатын жад.

8088 үлгі ТВМ ХТ компьютерде жоғарғы және қосымша жадтардың сыйымдылығы 384 Кбайтан, ал негізгі және қосымша жад бөлімдері оперативті есте сақтау құрылғысын құрайды. Қосымша және негізгі жад бірдей микропропроцессолардан тұратын бөлек тақталардан тұрады. Сондықтан бұл компьютердегі ОЕСК-ның көлемі 1 Мбайтқа тең. Компьютер электр желісіне қосылған кезде ОЕСК-ға DOS-тың BIOS-тан басқа бөлімдері және түрлі жүйелік программалар да енгізіледі.

80386 SX-тен бастап шыға бастаған кәсіби компьютерлер жоғарғы жағы (ТЕСҚ-дан басқа бөлімдері) машинаның сыртқы құрылғыларының драйверлері мен деректер енгізілетін ОЕСК-ның бір бөлігі ретінде де пайдаланылатын болды. Оған қосымша, 80286 АТ және одан жоғарғы типті кәсіби компьютерлердің үлкен көлемді информациямен жұмыс істеуі үшін жадты динамикалық және виртуалды тәсілдер бойынша пайдалану режимдері бар.

Динамикалық тәсіл – дегеніміз жоғарғы жадтың бір бөлігінде 64 Кбайттық не одан да үлкен программа бөліктерін (беттерін) кезегімен бір-бірлеп бірден орындап, орындау аяқталған соң осыған бөлінген орынды автоматты түрде тазалап қоюды айтамыз.

Виртуалды тәсілмен құрылған жад (виртуалды жад) арнайы программалар бойынша ішкі жадтың ТЕСҚ-дан басқа бөліктерінен және қатты жадтан (винчестерден) құрылатын уақытша жылдам жад болып табылады.

Үлкен ақпаратымен динамикалық тәсіл бойынша жұмыс істеу кезінде компьютер жадының кеңістігін нақты мөлшеріндегі беттерге не сегменттерге бөліп, адрестеп қояды да, кезекті мәндерді осы орындарға енгізіп, оларды бірден оқып шығарады. Мұндай тәсілмен компьютердің уақытша құрған жадын виртуалды жад деп атайды. Компьютер электр желісінен ажыратылған кезде ол жойылып кетеді (birtualis- мүмкін болатын).

Соңғы кәсіби компьютерлерде ОЕСҚ-ны кеңейту үшін жүйелік блокқа қосымша жад орнатылған басқа тақшаларды да енгізіп қою мүмкіндігі бар.

Жалпы, процессор төрт бөлімнен: арифметикалық логикалық құрылғы (АЛУ), басқару құрылғысы (БҚ), жалпы міндет атқаратын регистірлер және

өте жылдам жұмыс істейтін, аумағы үлкен емес кэш-жадтан (cache-жасырып қойма) тұрады. АЛУ берілген арифметикалық логикалық амалдарды орындайды. БҚ-ға жалпы басқару программалары енгізіледі; регистірлерде негізгі жадтан түсетін аралық мөрлер сақталады. Кэш-жад қойма сияқты, оған аралық деректер мен командалар келіп түседі. Көп мәліметтерді кэш жадтан алу әрекеті процессордың мәліметтерді алуына жеңілдік келтіріп, оның жылдамдығын арттыруға жәрдемдеседі. Яғни кэш-жад компьютердің жалпы жұмыс өнімділігін арттыруға арналған. Кэш-жад екі деңгейлі. Біріншісі процессор ішінде, екіншісі процессордың сыртында (тақшада) орналастырылады, көлемі 256-512 Кбайт шамасында [6].

В а р и а н т 15

Компьютерлік желілердің жіктелуі

Коммуникациялық желі – генерация функцияларын жүзеге асыратын объектілерден тұратын жүйе, желінің пункті (тораптар) деп аталатын өнімді өзгерту, сақтау және тұтыну, сондай-ақ пунктілер арасында өнімді тапсыруды жүзеге асыратын тапсыру сызықтары.

Ақпараттық желі – бұл коммуникациялық желі, мұнда ақпарат өнімді генерациялаушы, өңдеуші, сақтаушы және қолданушы ретінде болады.

Есептеу желісі – құрамына есептегіш жабдық кіретін ақпараттық желі. Деректердің қайнар көзі және қабылдағышы болатын ЭЕМ, шеттегі құрылғылардың есептеу желісінің компоненттері болуы мүмкін. Бұл компоненттер деректердің шетті жабдықтауын құрастырады (ДШЖ немесе Data Terminal Equipment). ДШЖ ретінде ЭЕМ, принтерлер, плоттерлер, сондай-ақ автоматты және автоматтандырылған жүйелердің басқа есептеу, өлшеу және атқару жабдықтары алға шыға алады. Мәліметтерді тарату, ортақ деректерді беру ортасы деп аталатын орталардың және құралдардың арқасында жүзеге асырады.

Есептеу желісі – бұл өзара байланысқан және келістіріле істелетін бағдарламалық және аппараттық компоненттердің - компьютерлердің, коммуникациялы жабдықтаудың, операциялық жүйелердің, желілі қосымшалардың күрделі кешені.

Кез келген желінің негізінде стандартталған компьютерлік платформалардың аппараттық қабаты жатыр. Қазіргі уақытта желілерде әр түрлі кластағы компьютерлер кең және табысты қолданылуда - арнайы компьютерлерден басталып мэйнфреймдер мен супер ЭЕМ-ге дейін.

Есептеу желілері мына белгілер қатарымен топтастырылады.

Есептеу желілерін байланатын тораптар арасының қашықтығына байланысты былай бөледі:

а) аумақтық — маңызды географиялық кеңістікті қамтиды; аумақтық желілердің ішінде, сәйкесінше, аймақтың немесе глобалды масштабтарға ие

болатын аймақтық және глобалдық желілерді ерекшелеуге болады; аймақтық желілерді кейде MAN (MetropolitanAreaNetwork) желілері деп атайды, ал аумақтық желілер үшін жалпы ағылшынша атауы − WAN (WideAreaNetwork); ерекше белгіленетін жалғыз глобалды желі Internet (осыда іске асырылған WORLD WIDE WEB (WWW) ақпараттық қызметі қазақ тілінде «дүниежүзілік өрмек» деген мағынаны білдіреді); бұл өз технологиясы бар желілердің желісі. Internet-те интражелі ұғымы бар (Intranet) – Internet аймағында бірлескен желілер;

ә) жергілікті (ЖЕЖ) – шек қойылған аумақты қамтиды (әдетте, станциялардың қашық шектерінде бір-бірінен бірнеше он немесе жүздеген метрден көп емес, сирек 1..2 км); жергілікті желілер LAN (Local Area Network) деп белгілейді.

Желілерді желі жұмыс істейтін кәсіпорындардың масштабына байланысты былай бөледі:

а) бөлімдер (жұмысшы топтардың) – жалпылық жұмысты шешетін кішкене қызметкерлердің тобымен қолданылады. Бөлімдік желінің басты мақсаты – қосымша, деректер сияқты жергілікті қорларды бөлу. Әдетте, қандайда бір желілік технологияның негізінде жасалады, желі астына бөлінбейді.

ә) кампустар – бөлек ғимарат немесе бір кәсіпорын аумағының ішінде бөлімдердің бірнеше желілерін қосады, бірнеше шаршы шақырым аумақты жаба алады. Жергілікті болатын басты желі және желі асты болады, әдетте әр текті компьютерлік жүйелерді қосады;

б) бірлестік (масштабты кәсіпорындар) – бір ғана кәсіпорын немесе мекеме орналасқан бір немесе бірнеше таяу ғимараттар алатын аумақты қамтитын, бір-бірімен байланысқан ЖЕЖ жиынтығы.

Қызмет көрсететін түрлеріне байланысты былай бөледі:

а) деректерді тарату желілері (ДТЖ) – тек кана компьютерлік трафикті беру қызметімен айналысады;

ә) қызметті интеграциялаумен алынған желі – компьютерлік трафикті таратумен қатар, дауыс, бейне тапсыратын сервистерге сүйенеді.

Желі қандай стандартты технология негізінде құрылғанына байланысты былай бөлінеді: Ethernet, Fas Ethernet, Gigabit Ethernet, ArcNet, Token Ring, Token Bus, 100 VG AnyLan:(Integrated Services Digital Network).

Тапсыру ортасына байланысты былай бөлінеді:

- желілік (коаксильді, өрілген будағы, оптикалық-талшықты);

- өткізгішсіз (инфрақызыл диапазонындағы радио-арналар арқылы хабар таратумен).

Қорларға ашық рұқсат етілген деңгей бойынша былай бөлінеді:

- көпшілік (қоғамдық) – бәріне кіруге рұқсат етілген желілер;

- жеке (бірлескен) – желіге ие кәсіпорын қызметкерлеріне қызмет ету немесе пайдаланушыларга байланысты, желі иелері ұсынатын белгілерді толықтыратын пайдаланушылар [6].

В а р и а н т 16

Біррангілі және сервер негізіндегі желілер

Желілік компьютерлер арасындағы байланыс желілік адаптерлер мен байланыс арналары арқылы хабарламаны жеткізу әсерінен болады. Осы хабарламалар арқасында, әдетте, бір компьютер басқа компьютердің жергілікті қорына кіруге қол жеткізуді сұрайды. Мұндай қорларға бағдарламалар, дискте сақталған деректер, әр түрлі шеттегі құрылғылар – принтерлер, модемдер, факс-аппараттары, т.б. кіреді. Әрбір компьютердегі жергілікті қорларды барлық желіні пайдаланушылар арасында бөлу-есептеу желісін құрудың басты мақсаты.

Желідегі компьютерлер арасында функцияларды тарату көзқарасы тұрғысында барлық желілерді екі топқа бөлуге болады:

Біррангілі желілер – тең дәрежелі (желіге қол жеткізу көзқарасынан) компьютерлерден тұратын желі.

Серверлер негізіндегі желілер, онда тек қана желілік функциялармен шұғылданатын белгіленген (dedicated) серверлер бар. Белгіленген сервер жалғыз немесе олар бірнеше болуы мүмкін.

Біррангілі желілер және лайықты бағдарламалық құралдар, ереже бойынша, сан жағынан аз компьютерлерді біріктіру қажет кезінде қолданылады. Осындай желінің әрбір компьютері бір уақытта желінің сервері де, клиенті де бола алады, бірақ қайсыбір компьютер тек қана сервер больп, ал тағы біреуі тек қана клиент болып тағайындалуы әбден мүмкін.

Біррангілі желілердің қасиеті – олардың аса үлкен иілгіштігінде: мұндай жағдайда желі өте белсенді қолданыла алады немесе мүлдем қолданылмауы мүмкін, ол нақты міндетке тәуелді. Компьютерлердің үлкен дербестігінен мұндай желілерде желіні артық жүктеу жағдайы сирек болады (сондай-ақ, компьютерлердің саны әдетте аз болады),

Біррангілі желілерде желілік қорларға қол жеткізуі бойынша әр түрлі құқылы қолданушыларды анықтау рұқсат етіледі, бірақ құқықтарға шек қою жүйесі аса дамымаған. Сонымен қатар, біррангілі желілердің кемшілігі бар: желі жұмысын бақылаудың және хаттамалардың нашар жүйеленуі. Сондай-ақ, кез келген компьютер сервердің істен шығуы жалпы ақпараттың жоғалуына әкеп соғады, яғни барлық осындай компьютерлер мүмкіндігінше сенімді болуы тиіс, бірақ әрқашан олай мүмкін бола бермейді.

Сервер негізіндегі желілер желіге көп пайдаланушылар бірігетін жағдайда ғана қолданылады. Сондықтан желіге мамандандырылған компьютер – сервер қосылады. Ол тек кана желіге қызмет етеді, басқа

міндеттерді орындамайды. Мұндай сервер бөлінген деп аталады. Желілік сауалдарды бөлінген қорларға жылдам өңдеу үшін және файлдар мен каталогтерді қорғауды басқару үшін серверлер арнайы ықшамдалған. Желінің қуаттылығының үлкен мөлшерінде бір сервер жеткіліксіз болуы мүмкін, сол кезде желіге бірнеше серверлерді қосады. Серверлер басқа да міндеттерді атқара алады: желілі баспа, глобалды желіге шығу, басқа жергілікті желімен байланыс, электрондық поштаға қызмет көрсету т.с.с. Сервердің негізінде желіні пайдаланушылардың саны бірнеше мыңдаған бола алады.

Сервер негізінде желіде компьютерлерді айқын, клиенттерге (немесе жұмысшы станцияларына) және серверлерге бөлу бар. Клиенттер серверлер сияқты жұмыс істей алмайды, ал серверлер клиенттер мен автономиялық компьютерлер сияқты жұмыс істей алады. Барлық желілі дискілік қорлар тек қана серверде орналасуы мүмкін, ал клиенттер тек қана серверге сүйене алады, бірақ бір-біріне сүйене алмайды. Бұл олар бір-бірімен хабарласа алмайды деген сөз емес, тек бір клиенттен екіншісіне ақпаратты тарату сервер арқылы мүмкін болады, мысалы, барлық клиенттер қол жеткізе алатын файл арқылы дегенді білдіреді.

Сервер негізіндегі желінің кемшілігіне аз шамадағы компьютерлер саны мен компьютер клиенттердің серверге тәуелділігі, қымбат серверді қолданған кездегі желінің аса қымбат құны жатады.

Бұл жағдайда серверде желілік операциялық жүйе орналастырылады. Бұл желілік ОЖ ерекше операцияларды, желілік айырбасты ұйымдастыруда нәтижелі орындау үшін арнайы ықшамдалған. Ол жұмысшылар стансасында (клиенттерде) жұмыстың желілік тәртібін қолдайтын желілік қабық сияқты да, операциялық жүйе сияқты да орналастыра алады [6].

В а р и а н т 17

Локалды желілердің топологиясы

Компьютерлік желінің топологиясымен (құрастырумен, кескін үйлесімімен, құрылыммен), әдетте, желілік компьютерлердің бір-бірімен салыстырғанда физикалық орналастырылуы және байланыс сызықтарымен қосу тәсілі түсіндірледі.

Әдебиетте желінің топологиясы туралы еске алсақ, әр түрлі деңгейдегі желілік архитектураға қатысты төрт түрлі ұғым:

физикалық топология – яғни, компьютерлердің және кабельдердің салуларының орналасу сызбасы;

қисынды топология – яғни, байланыстардың құрылымы, желі бойынша сигналдарды тарату өзгешелігі;

айырбастауды басқару топологиясы – яғни, жеке компьютерлер арасында желіні басып алу құқығын тапсырудың принципі және жүйелілігі;

ақпараттық топология – яғни, желі арқылы жіберілетін ақпарат ағынының бағыты қалыптасады.

Мүмкін болатын топологиялар кескін үйлесімдерінің жиыны арасында: толық байлаулы және толық емес байлаулы болып бөлінеді.

Толық байлаулы топологиялар ірі желілерде сирек қолданылады, өйткені N торапты байланыс үшін N(N-1)/2 физикалық дуплексті байланыс сызықтары қолданылады.

Екі компьютер арасында деректермен алмасу үшін желінің басқа тораптары арқылы аралық деректерді тарату керек болса, барлық басқа нұсқалар толық емес байлаулы топогияларға негізделеді.

Ұялық топоголия (mesh) толық байланыстың кейбірі мүмкін болатын байланыстарды жою арқылы реттеледі. Ол үлкен көлемді компьютерлерді қосуға рұқсат етеді және ірі желілерге де байланысты.

Жергілікті желілерде желілік топологияның үш негізгі түрін ерекшелейді:

- шина (bus), мұнда барлық компьютерлер параллельді түрде бір байланыс сызығына қосылады және әр компьютерден жіберілген хабарлама бір уақытта басқа қалған компютерлерге беріледі;
- жұлдызша (star), желінің бір орталық элементіне шеттегі компьютерлер қосылады және де олардың әрқайсысы өзінің бөлек байланыс сызығын қолданады;
- сақина (ring), әр компьютер әрқашан тек бір тізбектегі келесі компьютерге ақпаратты тасымалдайды, ал ақпаратты тізбектегі алдыңғы компьютерден алады және де бұл тізбек «сақинамен» тұйықталған.

Тәжірибеде көбінесе негіздік топологиялардың қиыстыруын қолданады: жұлдыз – сақина, жұлдыз – шина.

«Шина» топологиясында (немесе оны «жалпы шина», «bus» деп те атайды) барлық ақпарат жіберілетін орталық абонент болмайды. Шинаға жаңа абоненттерді қосу оңай және әдетте, тіпті желі жұмыс істеп тұрғанда да мүмкін болады. Көп жағдайда шинаны қолдану кезінде қосқыш кабельдер басқа топологиялармен салыстырғанда аз қажеттілік етеді.

«Жұлдызша» – бұл барлық абоненттер қосылатын айқын бөлінген ортасы бар топология. Барлық ақпаратпен айырбас тек қана орталық арқылы жүреді. Орталық абоненттің желілік жабдықтауы шеттегі абоненттердің жабдықтауына қарағанда аса күрделі болуы тиіс. Желіде «жұлдызша» топологиясымен ешқандай қақтығыстар болуы мүмкін емес, өйткені басқару толығымен орталықтандырылған, ештеңеге талас жоқ. «Жұлдызша» топологиясында кез келген кабельдің үзілуі немесе қысқа тұйықталуы тек қана бір компьютермен айырбас жасауды бұзады, ал қалған компьютерлер жұмысын қалыпты түрде жалғастыра алады.

«Жұлдызша» топологиясының маңызды кемшілігі – оның абоненттердің санын қатаң түрде шектейді. Әдетте, орталық абонент 8-16-дан көп емес

шеттегі абоненттерге қызмет көрсете алады. Егер осы шамада жаңа абоненттерді қосу оңай болса, олардың санын арттырғанда қосу мүмкін емес.

Орталығы орталық компьютер болатын жұлдыз белсенді немесе нағыз жұлдыз деп аталады. Сонымен қатар, жұлдызға тек қана сырттай ұқсас белсенді емес жұлдыз деп аталатын топология бар. Тап осы топологиямен берілген желінің орталығында компьютер емес, концентратор немесе репитер атқаратын функцияны орындайтын хаб (hub) орналастырылады. Ол келуші сигналдарды қалпына келтіреді және оларды басқа байланыс сызықтарына жібереді.

Сонымен қатар, белсенді және белсенді емес жұлдыз арасында аралық типті топологияны ерекшелеуге болады. Бұл жағдайда концентратор өзіне түсетін сигналдарды тек қана ретрансляциялап қоймай, сонымен қатар айырбастауды және басқаруды жасап шығарады, бірақ өзі айырбасқа қатыспайды.

Жұлдыздың үлкен артықшылығы барлық қосу нүктелері бір орында жиналғандығы болып табылады. Бұл – желінің жұмысын жеңіл бақылауға көмектеседі, желінің ақауын орталықтан кез келген абонентті сөндіріп тастау тәсілімен таратылуын тоқтатады.

Барлық «жұлдызша» топологияларының кемшілігі ретінде, олардың басқа топологияларға қарағанда кабельді аса көп шығындауын айтуға болады.

«Сақина» – бұл әр компьютердің екі басқа байланыс сызықтарымен қосылған топологиясы: біреуінен ол тек қана ақпарат алады, ал екіншісіне таратады. Әрбір байланыс сызығында тек қана бір хабарлағыш және бір қабылдағыш жұмыс істейді. Бұл сыртқы терминаторларды қолданудан бас тартуға көмектеседі. Сақинаның маңызды ерекшелігі – әр компьютер өзіне келуші сигналды ретрансляциялауында (қалпына келтіреді), яғни репитердің рөлін атқаруында, сондықтан барлық сақинада сигналдың сөнуінің ешқандай маңызы жоқ, тек қана сақинаның көршілес компьютерлер арасындағы сөнуі маңызды болады.

Әдетте, «сақинаға» жаңа абоненттерді қосу мүлде күйзеліссіз өтеді, бірақ барлық желінің жұмысын міндетті түрде тоқтатуды талап етеді. Әдетте, сақиналық топологияны жүктеу тұрақты болады, яғни желі арқылы берілетін ең үлкен ағымды ақпараттармен сенімді жұмыс істеуді қамтамасыз етеді, өйткені онда ереже бойынша қақтығыстар болмайды, сонымен қатар жоқ орталық абонент болмайды.

Сақинадағы сигнал барлық желілік компьютерлер арқылы өткендіктен, біреуінің (немесе оның желілік жабдықтауының) істен шығуы бүтіндей барлық желінің жұмысын бұзады. Дәл осылай сақинаның кез келген кабельдерінің үзілісі немесе қысқа тұйықталуы, барлық желінің жұмысын құртады. Сақина кабельге зақым келтіре алмайды, сондықтан бұл топологияда екі (немесе одан да көп) параллель байланыс сызықтарын салуды, әдетте, алдын ала ескереді, олардың біреуі резервте болады.

Сондай-ақ, сақинаның аса ірі артықшылығы сигналдардың ретрансляциясы әр абонентке бүтіндей барлық жүйенің өлшемін (уақытпен бірнеше он дана километрлердің) үлкейтуге мүмкіндік береді.

Сақинаның кемшілігіне әр желілік компьютерге екі кабельден жалғау керектігін жатқызуға болады [6].

В а р и а н т 18

Компьютерді программамен қамтамасыз ету

Программамен қамтамсыз ету дегеніміз – компьютерде белгілі бір үлгілерді орындайтын, оларды орындауға септігін тигізетін техникалық программалық құжаттамалар жиынын қоса алғандағы программалардың жиынтығын айтуға болады.

Барлық программалық құралдардың жиынтығы мен олардың қажет ететін, компьютерде қолданылатын деректерін, әдетте (Software-програмалық қаматамасыз ету, Soft-жұмсақ, ware – өнім, яғни жұмсақ өнім), аппараттық құралдардың жиынтығы- hardware (hardware- аппараттық құрал, hard-қатты) Software деп жиі атайды.

Кез келген нақты компьютерде аппараттық және программалық құралдардардың нақты жиыны, сондай-ақ олардың ресурстарын қалыптастыратын әр түрлі деректер болады.

Программалық қамтамасыз ету әр түрлі қызмет салаларындағы есептеуіш жүйені пайдалануға бағдарланған әрі ол алға қойылған міндеттерді уақтылы және баламалы шешуді қамтамысыз етуі керек. Бұл программалық етудің компоненттерін әзірлеуге қойылатын талаптарды сақтаудың қажеттілігін тудырады. Бұл талаптардың негізгілеріне келесілер: модульдігі, өсуі мен дамуы, сенімділігі, болжанатыны (предсказуемость), қолайлы болуы, эргономикалығы, икемділігі, тиімділігі, үйлесімділігі жатады.

Пайдаланушыға берілетін мүмкіндіктердің жүзеге асырылуы үшін програмалық жүйе модульдік құрылымға ие болуы керек. Үлкен жүйені шолып талдауға келетіндей етіп жекелеген бөліктерге бөлуді оңайлатады, бірақ жұмыстың өте дәл ұйымдастырылуын талап етеді. Оған қоса, басқа да қалған талаптарды сапалы жүзеге асыру көп жағынан модульдік талабының дұрыс сақталуына байланысты болады.

Әдетте, программадағы деректерді өңдеу бойынша функцияның орындалуы үшін белгілі бір көмекші информация қажет. Іліктес (родственных функции) функциялардың орындалуы үшін әдетте бір емес, бірнеше өзара байланысты программалар әзірленеді.

Информацияны өңдеудің іліктес функцияларының орындалуын қаматамасыз ететін өзара байланысты программалар тобын және осыған қажетті көмекші декректер жиынын программа дестесі немесе программалық жүйе деп аталады.

Жаппай тираждау мақсатында жасалатын программа немесе программа дестесі, программалық өнім деп аталады.

Дестені немесе программаны жұмыс жағдайына келтіру үшін орындау процедурасын инсталяциялау (install – орнату) қажет, яғни программалар деректері сол сәттегі құжаттамаларда баяндалған ереже бойынша жұмыс істей алатын жағдайларға ойластыру үшін (для их развертывания) дестенің тек заңды иесі ғана өзінің орнатқанын орындауға мүмкіндік беретін арнайы кодты білуі қажет.

Іс жүзінде программалық өнімдердің пайдаланылуына қарай олардың кемшіліктері, пайдаланылмаған мүмкіндіктері, содан соң, әзірлеу кезінде байқаусызда кеткен қателіктер анықталады. Өндіруші фирмалар өзіне келіп түскен мұндай информацияны ескере отырып, шамалары келгенше елге танылып үлгерген өнімге тиісті өзгертулер енгізеді. Бұл өзгертулер қолданыстағы программалық өнімнің модификациялары мен нұсқаларының пайда болуы түрінде көрінеді [6].

В а р и а н т 19

Понятие о системе программирования

Любой компилятор не существует сам по себе, а решает свои задачи в рамках всего системного программного обеспечения. Основная цель компиляторов – обеспечивать разработку новых прикладных и системных программ с помощью языков высокого уровня. Всякая программа, как системная, так и прикладная, проходит этапы жизненного цикла, начиная от проектирования и вплоть до внедрения и сопровождения. При этом компиляторы – это средства, служащие для создания программного обеспечения на этапах кодирования, тестирования и отладки. Однако сам по себе компилятор не решает полностью всех задач, связанных с разработкой новой программы. И хотя компилятор является главной составляющей средств разработки, одного только лишь компилятора недостаточно для того, чтобы обеспечить прохождение программой всех указанных этапов жизненного цикла. Поэтому компиляторы – это программное обеспечение, которое функционирует в тесном взаимодействии с другими техническими средствами, применяемыми для разработки программного обеспечения.

Основные технические средства, используемые в комплексе с компиляторами, включают в себя следующие программные модули:

- текстовые редакторы, служащие для создания текстов исходных программ;
- компоновщики, позволяющие объединять несколько объектных модулей, порождаемых компилятором, в единое целое;
- библиотеки прикладных программ , содержащие в себе наиболее часто используемые функции и подпрограммы в виде готовых объектных модулей;

- загрузчики, обеспечивающие подготовку готовой программы к выполнению;

- отладчики, выполняющие программу в заданном режиме с целью поиска, обнаружения и локализации ошибок;

- другие программные средства, служащие для разработки программ и их компонентов.

Все эти средства разработки функционируют не отдельно, каждое само по себе, а в тесном взаимодействии друг с другом. Данные, полученные одним модулем, поступают на вход другого и наоборот. В современных средствах разработки интеграция модулей столь высока, что пользователь часто даже и не представляет, что он работает с несколькими программными средствами – для него вся система разработки представляет собой единое целое. Весь этот комплекс программно-технических средств составляет новое понятие, которое здесь названо «системой программирования» [9].

В а р и а н т 20

Появление интегрированных сред разработки

Командная строка – эффективное, но не всегда удобное средство управления компиляцией (хотя среди программистов под ОС типа UNIX обязательно найдутся желающие поспорить с этим). Фактически для каждого сложного проекта разработчикам приходилось писать еще одну дополнительную программу, описывающую на языке Makefile, как следует строить (собирать, компилировать) этот проект. А программирование всегда есть потенциальный источник ошибок. Поэтому развитие систем программирования на этом не завершилось.

Следующим шагом в развитии систем программирования стало появление так называемой «интегрированной среды разработки». Интегрированная среда объединила в себе возможности текстовых редакторов и командный язык компиляции. Пользователь (разработчик исходной программы) теперь не должен был отвечать за передачу данных с выхода одного средства разработки на вход другого, от него также не требовалось описывать этот процесс с помощью языка Makefile. Теперь ему было достаточно только указать в удобной интерфейсной форме состав необходимых для создания программы исходных модулей и библиотек. Команды, библиотеки и «ключи», необходимые компилятору и другим средствам разработки, также задавались в виде интерфейсных форм настройки.

После этого интегрированная среда разработки сама автоматически готовила всю необходимую последовательность команд Makefile, выполняла их, получала результат и сообщала о возникших ошибках при их наличии. Но главным преимуществом интегрированной среды разработки было то, что все

действия пользователь мог выполнять непосредственно в окне редактирования исходного текста программы. Он мог исправлять текст исходных модулей, получать информацию об ошибках непосредственно в исходном тексте программы, не прерывая работу с интегрированной средой. Кроме удобства работы, объединение текстовых редакторов, компиляторов и компоновщиков в единую среду дало системам программирования целый ряд достоинств, о которых будет сказано далее.

Создание интегрированных сред разработки можно назвать вторым шагом в развитии систем программирования. Оно стало возможным благодаря бурному развитию персональных компьютеров и появлению развитых средств интерфейса пользователя (сначала текстовых, а потом и графических). Пожалуй, первой удачной средой такого рода можно признать интегрированную среду программирования Turbo Pascal на основе языка Pascal производства фирмы Borland. Ее популярность на рынке определила тот факт, что со временем все разработчики компиляторов обратились к созданию интегрированных средств разработки для своих продуктов.

Развитие интегрированных сред снизило требования к профессиональным навыкам разработчиков исходных программ. Теперь в простейшем случае от разработчика требовалось только знание исходного языка. Разработчик программы, работающий в интегрированной среде, мог даже не иметь представления о структуре системы программирования, которой он пользуется.

Дальнейшее развитие средств разработки также тесно связано с повсеместным распространением развитых средств графического интерфейса пользователя (GUI – Graphical User Interface). Такой интерфейс стал неотъемлемой составной частью многих современных ОС и так называемых графических оболочек. Со временем он стал стандартом де факто во всех современных прикладных программах. Это не могло не сказаться на требованиях, предъявляемых к средствам разработки программного обеспечения. В их состав были сначала включены соответствующие библиотеки, обеспечивающие поддержку GUI и взаимодействие с функциями ционных систем. А затем для работы с ними потребовались дополнительные средства, обеспечивающие разработку внешнего вида интерфейсных модулей. Такая работа была характерна уже более для дизайнера, чем для программиста [9].

В а р и а н т 21

Ақпаратты қорғау және бақылау

Ақпараттық жүйенің тиімділігі ондағы өңделінетін ақпараттың қауіпсіздігімен (қорғалғандығымен) байланысты. Себебі кез келген мемлекеттік органның, кәсіпорынның, мекеменің, жеке адамның қызметінде жасыратын құпия мәліметтері немесе деректері болады. Олардың жария

болуы мемлекет қауіпсіздігіне, кәсіпорындар мен мекемелердің қаржы-экономикалық жағдайына, жеке адамдардың жұмысына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Әрбір мемлекетте ақпаратты қорғау туралы заңдары қабылданған. Мысалы, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңының жаңа редакциясы 2007 жылдың қаңтар айының 11- жұлдызында қабылданған. Ақпараттың қауіпсіздігі дегеніміз оған амалдар орындалғанда немесе оны қабылдағанда, өңдегенде, сақтағанда, беріліс кезінде және пайдаланғанда әртүрлі қауіп-қатерден қорғалғандығын айтамыз.

Есептеу техникасында қауіпсіздік туралы сөз болғанда алдымен келесі мәселелер қарастырылады:

- компьютер мен оның құрылғыларының жұмысының сенімділігі;
- құнды ақпараттың бұзылмай сақталынуы;
- ақпаратқа рұқсатсыз өзгерістер енгізілмеуі;
- электрондық байланыс кезінде құпияның сақталынуы.

Қауіп-қатердің пайда болу себептері адамдардың әрекеттеріне, автоматтандырылған жүйелерде қолданылатын аппараттық және программалық құралдарға, сонымен қатар сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін. Аталынған себептерден туатын қауіп-қатерді екі сыныпқа бөлуге болады:

- қасақана емес;
- қасақана.

Әдейі жасалатын қатер көбінесе табиғи апаттан және зіл-заладан, техникалық құралдардың жұмысындағы ақаулық пен олардың істен шығып қалуынан, алгоритмдер мен программалардың кешендерінде жіберілген қателерден, сонымен бірге пайдаланушылар мен қызмет етуші адамдардың қатесінен болуы мүмкін. Табиғи апат, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б. жатады. Осылардың себептерінің нәтижесінде ақпарат сақтаушы құрылғылардың бұзылуына немесе жойылуына алып келеді. Техникалық құралдардың жұмысындағы ақаулықтар немесе кейде олардың мүлдем жұмыс істемей қалуы ЭЕМ-нің аппараттық құралдарының бұзылуы мен жаңылуынан, электр тогының немесе кәбелдің үзілуінен және т.б. себептерден болуы мүмкін. Осындай себептер программалар мен деректердің жойылуына, құрылғылардың жұмыс істеу алгоритмдерінің бұзылуына, сонымен бірге ақпараттың құпия болмауына (конфиденциалдығының бұзылғандығына) келтіреді. Алгоритмдер мен программаларда жіберілген қателер де осыған келтіруі мүмкін. Ал қауіпсіздікке ең көп нұқсан келтіретін себептер – пайдаланушылар мен қызмет етуші адамдардың жіберетін қателері.

Әдейі жасалатын қатерлердің алдын алу үшін қазіргі кездегі аппараттық және программалық құралдар мен автоматтандырылған жүйелерді тиімді пайдалану, ақпараттың көшірмелерін жасау сияқты іс-шаралар қолданылады [7].

В а р и а н т 22

Информатика

Информатика – бұл деректерді есептеу техникасы құралдарымен құру, сақтау, қайталау, өңдеу және беру тәсілдерін және осы құралдардың қызмет ету принциптері мен оларды басқару әдістерін жүйелейтін кешендік техникалық ғылым. «Информатика» термині түбірін Informatigue деген француз сөзінен алады және ол екі: ақпарат, автоматика деген сөзден тұрады. Бұл термин алғаш рет Францияда XX ғасырдың 60 жылдары, есептеу техникасы кеңінен етек жайып дами бастағанда енгізілген. Сол кезде ағылшын тілді елдерде «Computer Science» термині қолданысқа ене бастады. Бұл термин есептеу техникасын пайдалануға негізделген ақпаратты түрлендіретін ғылымды белгілеу үшін қолданыла бастады.

Информатиканың ғылым ретіндегі заттық мағынасына келесілер жатады:

1) есептеу техникасы құралдарының аппараттық қамтамасы;

2) есептеу техникасы құралдарының программалық қамтамасы;

3) аппараттық және программалық қамтамалардың өзара әрекеттесу құралдары;

4) аппараттық және программалық құралдардың адаммен өзара әрекеттесу құралдары.

Өзара әрекеттесу құралдары информатикада интерфейс деп аталады. Сондықтан аппараттық және программалық қамтамалардың өзара әрекеттесу құралдарын – программалық-ақпараттық интерфейс деп, ал аппараттық және программалық құралдардың адаммен өзара әрекеттесу құралдарын пайдаланушы интерфейсі деп атайды.

Информатиканың ғылым ретіндегі негізгі міндеті – есептеу техникасының аппараттық және программалық құралдарымен жұмыс істейтін әдістері мен тәсілдерін жүйелеу. Жүйелеу мақсаты деректермен жұмыс істеу кезеңдерін автоматтандыратын тиімді және алдыңғы қатардағы технологияларды ерекшелеу, ендіру және дамытумен қатар, жаңа технологиялық зерттеулерді әдістемелік түрде қамтамасыз ету [5].

В а р и а н т 23

Программалау тілдері

Программаларды ЭЕМ-де тікелей орындауға арналған алгоритмдерді жазу тәсілі, яғни алгоритмдерді ЭЕМ-ге түсінікті мәтін ретінде жазуға арналған қарапайым жасанды тіл программалау тілі деп аталады. Әрбір ЭЕМ-нің өзінің машиналық программалау тілі болады, оны командалар тілі немесе кодтар (арнайы таңбалау) тілі дейді.

Программа жазуды жеңілдету үшін математикалық формулаларды кеңінен қолданатын, ағылшын тілінің негізінде жасалған алгоритмдік тілдер Бейсик, Паскаль, Фортран, Си, т.б. кеңінен қолданылады.

1. Кобол – өткен ғасырдың 60 жылдары басында жасалған, экономикалық есептер шығаруда қолданылатын, машиналық тілге аударылатын тіл. Коболда сыртқы мәлімет сақтау құрылғыларында сақталатын көлемді мәліметтерді өңдеудің қуатты мүмкіндіктері жүзеге асырылды.

2. Паскаль – 70-ші жылдар аяғында швейцар математигі Никлаус Вирттің программалауды үйрету мақсатында қолдану үшін арнайы жасаған тілі. Ол адамның алгоритмдік ойлау қабілетін қалыптастыратын, көпшілікке түсінікті қысқа программа жазуға қолайлы, алгоритмдеудің негізгі тәсілдерін көрсетуге және де ірі жобаларды да жүзеге асыра алатын тіл болды.

3. Бейсик – бұл да 60-шы жылдары программалауды үйренушілерге арналып жасалған қарапайым тіл болды. Бұл көпшілікке кең тараған, игеруге жеңіл программалау тілдерінің бірі болды.

4. Си – 70-ші жылдары шықты, ол алдымен көпшілікке арналып жасалмаған тіл еді. Си нақты процессорға тәуелді емес, қысқа, әрі тиімді программалар жасайтын ассемблер орнына пайдалану үшін жоспарланған тіл болатын. Си тілінің көптеген қасиеттері Паскаль тіліне ұқсас болғанымен, оның компьютер жадымен тікелей жұмыс істей алатын мүмкіндіктері бар еді. Осы тілде көптеген қолданбалы және жүйелік программалармен қатар Unix операциялық жүйесі де жазылып шыққан болатын.

5. Си ++ - обьектіге бағытталған Си тілінің кеңейтілген түрі, оны 1980 жылы Бьярн Страуструп жасап шығарды.

6. Java тілін 90-шы жылдар басында Си ++ тілін негізге ала отырып, Sun компаниясы шығарды. Ол Си ++ тілінен төменгі деңгейдегі мүмкіндіктерді алып тастап, қолданбалы программалар жасауды оңайлату мақсатында жасалды [5].

В а р и а н т 24

Қосалқы программалар

Компьютерлерде шығарылатын есептердің күрделенуіне байланысты программалардың көлемдері өсіп, оларды жазу, оқу, түзету істері күннен-күнге қиындап келеді. Белгілі бір өндірістік мәселенің, мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын есептеулердің программалары ұзақ уақыт пайдаланылады, олар күнделікті өмір талабына сәйкес өзгертіліп, түзетіліп отыруы тиіс. Осыларға байланысты программаларды құрастыруды, түсінуді, өзгертуді жеңілдететін тәсілдер жасалған, олар құрылымды (структуралық) программалау жолдары деп аталады. Программаларды адамның түсіну мен қабылдауын ыңғайлы түрде жүргізуге бағытталған тәсілдер жиынын құрылымды программалау деп атайды. Әрбір жасалған программа бөліктері бір-бірімен тығыз логикалық байланыста болуы тиіс.

Белгілі бір ат қойылып, жеке программа түрінде бөлек жазылған, қажет кезінде оны қайталап пайдаланып отыруға болатын негізгі программаның арнайы бөлігін қосалқы программа (подпрограмма) деп атайды. Қосалқы программаларда бірсыпыра операциялардың біріге отырып толық орындалуын

қадағалап, программаның негізгі бөлігінде оның тек атын өзгерту арқылы бір рет орындаумен шектелуге болады.

Қосалқы программаны пайдалану:

- негізгі программаның көлемін кішірейтеді;

негізгі программада пайдаланылған айнымалыларды қосалқы программада да пайдалануға болады;

- қосалқы программаға берілген компьютердің жедел жады көлемін ол орындамай тұрғанда, бос ұялар ретінде басқа мақсаттарға пайдалануға болады; қосалқы программаны пайдалану тәсілдері құрылымдық программалау талаптарына сай келеді.

Құрамында қосалқы программалар тәрізді құрылымды программалау жабдығы бар Турбо Паскаль тілі процедураға бағытталған тіл деп аталып жүр [5].

В а р и а н т 25

Паскаль тілі

Информатикада студенттердің алгоритмдік әдіспен ойлау қабілеті басты рөл атқарады. Ол жалпы дамуға және жаңа ақпараттық технологиялармен таныстырады. Адамның ЭЕМ-мен байланысу үшін қарым-қатынастық тіл керек, сондықтан арнайы бағдарламалау тілдері құрылып және кең қолданылады.

Паскаль тілі XX ғасырдың 70-нші жылдарында швейцар профессоры Никлаус Виртпен бағдарламалауды жүйелік оқыту құралы ретінде шығарды. Бұл тіл құрылымдық бағдарламалау элементтерінен (тізбекті, тармақты, циклдық құрылымдар) және мәліметтер құрылымынан (массивтер, жазбалар, файлдар және т.б.) тұрады. 1983 жылы француз математигі Филипп Кан Турбо Паскаль деп аталатын тез жұмыс істейтін, жинақы компилятор шығарды. 1992 жылы Borland International фирмасы интерфейсі жақсартылған және одан да тез компиляторлы Турбо Паскаль 7.0 тілінің кезекті түрін шығарды.

Паскальдің бағдарлама құру негіздері Ада, Модула-2, Си және т.б. тілдерде дамыды. Турбо Паскаль логикалық құрылымын сақтай отырып, үлкен бағдарлама құруға мүмкіндік береді. Оған қатар Паскаль қарапайым болғанмен инженерлік есептерді шығаруда тиімді құрал.

Турбо Паскальдің ерекшелігі – ол бағдарлама құрылымына қатысты. Турбо Паскаль тілінде бағдарлама символдар тізбегі ретінде жүреді. Ол символдар: латын әріптері, араб сандары, амалдар және тыныс белгілері. Бастапқы берілгендерді, есеп шешімін, аралық берілгендерді белгілеу үшін айнымалылар қолданылады, олардың аттары тек a, b, X,Y және т.б. әріптерден ғана емес және де символдар тізбегінен тұруы мүмкін (мысалы: x1, time, alfa және т.б., бірақ олар тек әріптен басталуы керек). Кілттік сөздер дегеніміз – осы тілде операторларды жазуда қолданылатын аттар. Айнымалыларға берілетін аттар кілттік сөздермен сәйкес болмауы керек [5].

Список литературы

1 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009.

2 Антоненко М.В., Пономарев В.В., Куприянова А.В. «Толстый» самоучитель работы на компьютере. – СПб.: Наука и Техника, 2007.

3 Единая электронная терминологическая база Республики Казахстан. Сайт www.termincom.kz. (дата обращения: 05.10.2016).

4 Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь / под общей ред. М.Б.Касымбекова, научный руководитель проекта А.К.Кусаинов. – Алматы: Издательская корпорация «КАЗакпарат», 2014. URL: https://ru.termincom.kz/terminder/koldanystagy-salayk-terminder-turaly/informatika/ (дата обращения: 05.10.2016).

5 Кәсіби қазақ тілі 5В060200 – Информатика мамандығының студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар / К.Т. Төлеубаева. – Алматы: АЭжБУ, 2014. URL: http://lib.aipet.kz/aies/facultet/eef/kaf_rkj/1/umm/ki_47.pdf (дата обращения: 01.09.2016).

6 Кәсіби қазақ тілі. 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамассыз ету мамандығының студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар / Л.А. Асылханова. – Алматы: АЭжБУ, 2014. URL: http://lib.aipet.kz/aies/facultet/eef/kaf_rkj/1/umm/ki_51.pdf (дата обращения: 01.09.2016).

7 Қазақ тілі-1 пәні. 5В100200 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» бағыты студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар мен өздік тапсырмалар топтамасы / Г.С. Әлмұхаметова, Э.Т. Ахметова. – Алматы: АЭжБУ, 2012. URL: http://lib.aipet.kz/aies/facultet/eef/kaf_rkj/1/umm/ki_24.htm (дата обращения: 01.09.2016).

8 Миллер Л., Политова Л. Политехнический русский: Учебник. – СПб.: Питер, 2013.

9 Молчанов А.Ю. Системное программное обеспечение: Учебник для вузов. – 3-е изд. – СПб.: Питер, 2010.

10 Ожиганов А.А. Криптография: Учебное пособие. – СПб.: Университет ИТМО, 2016.

11 Острейковский В.А. Информатика: Учебное пособие. – М.: Высшая школа, 2001.

12 Патентная база Республики Казахстан. Сайт www.kzpatents.com. (дата обращения: 01.09.2016).

13 Смирнова Ю.Г. Профессиональный русский язык: Учебное пособие. – Edinburgh: Lennex Corp. − М.: Нобель Пресс, 2013.

14 СТ НАО 56023-1910-04-2014 Учебно-методические и учебные работы. Общие требования к построению, изложению, оформлению и содержанию учебно-методических и учебных работ. – Алматы: АУЭС, 2014.

15 Термины, утвержденные государственной терминологической комиссией. URL: https://ru.termincom.kz/terminder/bekitilgen-terminder-turaly/ (дата обращения: 01.10.2016).

16 Толстяков Р.Р., Забавникова Т.Ю., Попова Т.В. Информатика: Учебное пособие. – Тамбов: ТГТУ, 2011.

17 Якунина М.В. Основы информационных систем и базы данных: Учебное пособие. – Тюмень: Издательство Тюменского государственного университета, 2013.

Содержание

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Некоммерческое акционерное общество
«Алматинский университет энергетики и связи»

УТВЕРЖДАЮ_____
Проректор по учебно- методической работе
_____ С. В. Коньшин
“_____” _____2016 г.

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК

Методические указания и варианты семестровых заданий для студентов специальности 5В060200 – Информатика

СОГЛАСОВАНО
Вр.и.о. нач. УМО
_____Р.Р. Мухамеджанова
“____”_____2016 г.

Председатель по ОУМК
“____” _____ 2016 г.
_____ Б.К. Курпенов

Редактор
_____ Л.Т.Сластихина
“_____” _____2016 г.

Специалист
по стандартизации
_____ Н. К. Молдабекова
“_____” _____2016 г.

Рассмотрено и одобрено на заседании кафедры КиРЯ

Протокол № ____
«_____» _____ 2016 г.
Зав.кафедрой:
Р.К.Букейханова _____

Составитель:
_____ Ю.Г.Смирнова

Зав. кафедрой ИС
_____ Ш.И.Имангалиев
“_____” _____2016 г.

Алматы, 2016

Дополнительный план 2016 г., позиция 26

Юлия Георгиевна Смирнова

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК

Методические указания и варианты семестровых заданий для студентов специальности 5В060200 – Информатика

Редактор Л.Т. Сластихина
Специалист по стандартизации Н. К. Молдабекова

Подписано в печать _ _ _
Тираж 20 экз.
Объем 2,5 уч.-изд. л.

Формат 60х84 1/16
Бумага типографская №1
Заказ _____. Цена 1250 тенге.

Копировально-множительное бюро
некоммерческого акционерного общества
«Алматинский университет энергетики и связи»
050013, Алматы, Байтурсынова,126